



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 91 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**

**НЕС Paris бизнес-мектебімен меморандумға қол қойылды**

**2014 жылғы 5 желтоқсан**

**Астана**

Астанада Қазақстан-Франция бизнес-форумының шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті мен НЕС Paris бизнес-мектебінің атынан «Иль-де-Франс Париж өңірінің сауда-өнеркәсіп палатасы» арасындағы өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумға қол қойылды.

Меморандумға қол қою рәсіміне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Олег Смоляков, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Такир Балықбаев, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанов және НЕС Paris халықаралық қатынастар мәселелері жөніндегі деканның орынбасары Франсуа Коллин қатысты.

Қазақстан Республикасының қаржы секторы үшін жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған бірлескен білім беру жобаларын іске асыру меморандумды жасаудың негізгі мақсаты болып табылады.

Меморандум ынтымақтастықтың бірлескен қысқамерзімді оқу бағдарламаларын және академиялық дәрежені беруге байланысты бағдарламаларды іске қосу және іске асыру, оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру және студенттер алмасу, курстар мен семинарлар ұйымдастыру сияқты салаларын қамтиды.

Осы Меморандумға қол қою халықаралық ауқымдағы жаңа білім беру жобаларын іске асыру мақсатында мемлекеттік сектордың, шетелдік және отандық оқу орындарының бірлесуінің жақсы мысалы болып табылады. Меморандум шеңберінде білім беру және қаржы саласында ақпарат және тәжірибе алмасу көзделген.

*НЕС Paris – Франция мен Еуропаның жетекші бизнес-мектептерінің бірі. Financial Times газетінің нұсқасы бойынша 2005 жылы НЕС мектебі Еуропаның бизнес-мектептері арасында бірінші орынға ие болды.*

**Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).**